

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда № 10555 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 17 шілдедегі № 67 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 17.07.2025 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабының 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.02.2022 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса берілетін Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. "Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымын, республиканың және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеуге қажетті көрсеткіштердің нысандарын, тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 107 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9462 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 28 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің

басқарма төрағасы

_____Қ. Келімбетов

2015 жыл 30 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шарушылығы министрі

_____А. Мамытбеков

2015 жыл 24 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____А. Сәрінжіпов

2015 жыл 14 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

_____Т. Дүйсенова

2015 жыл 3 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

_____Ә. Исекешов

2015 жыл 16 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____Б. Сұлтанов

2015 жыл 26 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____Қ. Қасымов

2015 жыл 13 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

_____А. Мұхамедиұлы

2015 жыл 15 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____В. Школьник

2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігінің төрағасы

_____Қ. Қожамжаров

2015 жыл 6 ақпан

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 8 қаңтардағы

№ 9 бұйрығымен

бекітілген

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері

Ескерту. Қағидалар мен мерзімдері жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.02.2018 № 39 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.02.2022 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымын, көрсеткіштердің нысанын, тізбесін әзірлеу тәртібі мен мерзімдерін, оны әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа ұйымдардың өзара іс-қимыл жасау тетіктерін айқындайды.

3. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы ескеріле отырып, жылжымалы негізде бес жылдық кезеңге жыл сайын әзірленеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған бюджет параметрлерінің болжамы индикативті сипатта болады және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өзгерістері, бюджет мониторингі мен нәтижелердің бағалануы, басқа да ішкі және сыртқы факторлар ескеріле отырып, бюджет параметрлерінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған болжамын әзірлеу кезінде нақтылануы мүмкін.

5. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде әзірленеді.

6. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын тиісінше мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (әкімдік) мақұлдайды және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

7. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мемлекеттік органның даму жоспарын, жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.02.2022 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің жергілікті бюджеттерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.02.2022 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы экономиканы дамытудың ішкі және сыртқы шарттарының өзгерістері ескеріле отырып нақтылануы мүмкін.

2-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрылымы

10. Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі жағдайлары;
- 2) бес жылдық кезеңге арналған экономикалық саясаттың, оның ішінде салық-бюджет саясатының мақсаттары мен басымдықтары;
- 3) бес жылдық кезеңге арналған экономикалық саясаттың, оның ішінде салық-бюджет саясатының негізгі бағыттары;
- 4) бесжылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-нысанына сәйкес;
- 5) мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау;
- 6) ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың жоспарлы кезеңге арналған болжамы;
- 7) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының және Жәбірленушілерге өтемақы қорының (бұдан әрі – Қорлар), мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, тиісті бюджеттің тапшылығы (профициті) мен мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) қаражатын ескере отырып шоғырландырылған бюджеттің түсімдері мен шығыстарының болжамын қамтитын, жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік параметрлердің болжамы;
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы;
- 9) жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған жаңа шығыстар бастамалары;

10) алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.02.2022 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы, көрсеткіштердің тізбесі, сондай-ақ жауапты орындаушылар осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

12. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері мен басымдықтары;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1, 2-нысандарына сәйкес;

3) облыстың (аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қала, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде), республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет түсімдері мен шығыстарының болжамын қамтитын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет параметрлерінің болжамы осы Қағидаларға 4-қосымшаның 3-нысанына сәйкес;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың басым бюджеттік инвестициялар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаның 4-нысанына сәйкес.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін

қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы, көрсеткіштердің тізбесі осы Қағидаларға 2, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

14. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік параметрлері аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында көрсетіледі.

15. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган) әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің қосымша болжамдық көрсеткіштерін енгізуі мүмкін.

3-тарау. Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібі

16. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган екі кезеңде жүзеге асырады.

17. Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын және әлеуметтік-экономикалық саясатының басымдықтарын әзірлеу арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жолбасы қалыптастырылады:

1) Қорлар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 наурызынан кешіктірмей, орталық мемлекеттік органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, нысандарына және көрсеткіштерінің тізбесіне сәйкес жоспарлы кезеңге арналған көрсеткіштердің болжамын және қаражаттың түсімдері мен шығыстары (төлемдері) бойынша түсіндірме жазбаны ұсынады;

2) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға көрсеткіштер болжамын және республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне ұсыныстарды әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерінің бөлім құрылымына, нысандары мен тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша ұсынады;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде жоспарланатын кезеңнің алдыңғы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей алдағы

жоспарланған кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын әзірлейді және оны бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жолдайды;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамының негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік кредиттерді өтеудің, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің сценарийлік болжамын жолдайды;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамы негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу үшін қажетті ақша-кредит саясатының және төлем теңгерімі көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын жолдайды;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде бірінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

7) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бірінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдағаннан кейін Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына жолдайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Екінші кезеңде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жобасының көрсеткіштер болжамын нақтылау және бөлімдерін өзектілендіру жүргізіледі:

1) Қорлар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 шілдесінен кешіктірмей, орталық мемлекеттік органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша құжат бөлімдерінің құрылымына, нысандарына және

көрсеткіштерінің тізбесіне сәйкес көрсеткіштердің нақтыланған болжамын (жоспарлы кезеңге арналған қаражат түсімдері мен шығыстары бойынша түсіндірме жазбаны қоса алғанда) ұсынады;

2) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар бөлімдердің құрылымына, құжаттардың нысандары мен көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңнің алдыңғы жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға нақтыланған көрсеткіштер болжамын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне ақпаратты ұсынады;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 20 шілдесінен кешіктірмей әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын нақтылайды және оны бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жолдайды;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамының негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 28 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік кредиттерді өтеудің, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің нақтыланған сценарийлік болжамын жолдайды;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамы негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 28 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу үшін қажетті ақша-кредит саясаты мен төлем теңгерімі көрсеткіштерінің нақтыланған сценарийлік болжамын жолдайды;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың, сондай-ақ жоспарланатын кезеңнің алдындағы есепті кезеңдегі ресми есептік деректердің негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей екінші кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын қалыптастырады;

7) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей екінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының

қарауына енгізеді, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына жолдайды;

8) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуімен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-тарау. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібі

19. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы екі кезеңде жүзеге асырады.

20. Бірінші кезеңде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу жүзеге асырылады:

1) облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдары және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына және көрсеткіштер тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 2, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің бөлімдеріне келісілген ұсыныстар мен нақтыланған болжам ұсынады;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарынан және

облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарынан алынған ақпараттың негізінде бірінші кезеңде Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасына, осы Қағидаларға 2, 4- қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандары мен тізбесіне және әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі басымдықтарына сүйене отырып, Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

21. Екінші кезеңде Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылау және болжам жобасының бөлімдерін өзектілендіру жүзеге асырылады:

1) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың қыркүйегінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарының және облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарының қатысуымен екінші кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылауды жүргізеді;

2) облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдары және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандары мен тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 2, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 қыркүйегінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің бөлімдеріне келісілген ұсыныстар мен нақтыланған болжам ұсынады;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарынан және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарынан алынған ақпараттың негізінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын пысықтайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет қаражаты есебінен жергілікті басым бюджеттік инвестициялардың тізбесін қалыптастырады;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының оң қорытындысын ескере отырып және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының (әкімдіктің) қарауына енгізеді;

5) жергілікті басым бюджеттік инвестициялардың тізбесін қоса алғанда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 қазанынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (әкімдік) мақұлдайды;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мақұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (әкімдік) бір мезгілде тиісті жергілікті өкілдік органға (мәслихат) енгізе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

5-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылау тәртібі

22. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган (әкімдік) мақұлдаған Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына өзгерістер енгізу арқылы Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін өзгерту әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау болып табылады.

23. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау жалпы ішкі және өңірлік өнім бойынша есептік деректер жаңартылған, сондай-ақ экономиканы

дамытудың сыртқы және ішкі талаптары өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

24. Мақұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына өзгерістер енгізуді Республикалық бюджет комиссиясы немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы қарайды, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (әкімдік) мақұлдайды және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

25. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау кезінде тиісті мемлекеттік басқару деңгейлерінде екінші кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу және мақұлдау жөніндегі осы Қағидаларда белгіленген талаптар сақталады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді әдіснамалық қамтамасыз ету

26. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметін әдіснамалық басқаруды және үйлестіруді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

27. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезінде облыстардың (аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының), республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы жүзеге асырады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әлеуметтік-экономикалық даму
болжамын әзірлеу қағидалары
мен мерзімдеріне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-нысан

1. Бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы

P/c №	Көрсеткіштің атауы	1-ші жоспарланатын жылдың алдындағы ағымдағы жыл	Болжанатын кезең жылы	
1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші
Бағалау	Болжам			

1	2	3	4	5	6	7	8
1.	ЖІӨ, миллиард теңге						
2.	ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, алдыңғы жылға қарағанда % -бен						
3.	ЖІӨ, есептік бағам бойынша миллиард А Қ Ш доллары						
4.	Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, есептік бағам бойынша А Қ Ш доллары						
Экономика салаларының ЖҚҚ НКИ							
5.	Ауыл, орман және балық шаруашылығы, алдыңғы жылға қарағанда % -бен						
6.	Өнеркәсіп, алдыңғы жылға қарағанда % -бен						

7.	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, алдыңғы жылға қарағанда %-бен						
8.	Шикі мұнай өндіру, миллион тонна						
9.	Мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы), жылына орташа есеппен бір баррелі үшін АҚШ доллары						
10.	Өңдеу өнеркәсібі, алдыңғы жылға қарағанда %-бен						
11.	Құрылыс, алдыңғы жылға қарағанда %-бен						
12.	Көлік және қоймалау, алдыңғы жылға қарағанда %-бен						
13.	Ақпарат және байланыс, алдыңғы жылға қарағанда %-бен						
	Көтерме және бөлшек						

14.	саудада сату; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, алдыңғы жылға қарағанда % -бен						
Акша-кредит саясатының көрсеткіштері							
15.	Экономикаға ЕДБ кредиттері, миллиард теңге, кезеңнің соңына						
16.	Резиденттердің депозиттері, миллиард теңге, кезеңнің соңына						
17.	Инфляция, кезең соңына %-бен						
Төлем теңгерімінің көрсеткіштері							
18.	Тауарлар экспорты, миллион АҚШ доллары						
19.	Тауарлар импорты, миллион АҚШ доллары						
20.	Сауда теңгерімі, миллион АҚШ доллары						
21.	Ағымдағы шот, миллион АҚШ доллары						

22.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен						
Мемлекет міндеттемелерінің көрсеткіштері							
23.	Мемлекеттік борыш, миллиард теңге						
24.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен						
25.	Үкіметтік борыш, миллиард теңге						
26.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен						
27.	ішкі						
28.	сыртқы						
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері							
29.	Халықтың өмір сүру ұзақтығы, жыл						
30.	Халық саны, мың адам						
31.	Жұмыс күші (15 және одан жоғары жастағы), мың адам						
32.	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам						
33.	жалдамалы жұмыскерлер, мың адам						
34.	өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер, мың адам						
35.	Жұмыссыз халық (15 және одан						

	жоғары жастағы), мың адам						
36.	Жұмыссыздық деңгейі, %-бен						
37.	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды шығару, мың адам						
38.	Жоғары білімі бар кадрларды шығару, мың адам						
39.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды шығару, мың адам						
40.	Ең төменгі жалақы мөлшері, теңге						
41.	Б і р жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге						
42.	Нақты жалақы индексі, алдыңғы жылға қарағанда % -бен						
43.	Айлық есептік көрсеткіш, теңге						
44.	Зейнеткерлер саны, мың адам						
	Базалық зейнетақы						

45.	төлемінің ең төмен мөлшері, теңге						
46.	Ең төмен зейнетақы мөлшері, теңге						
47.	Ең төмен күнкөріс деңгейі, теңге						
48.	Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейі шамасынан төмен халықтың үлесі, %-бен						

2-нысан

2. Қазақстан Республикасының бюджеттік параметрлері мен Ұлттық қорының жоспарлы кезеңге арналған болжамы

миллиард теңге

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	1-ші жоспарланатын жылдың алдындағы ағымдағы жыл	Болжанатын кезең жылы
1-ші	2-ші	3-ші	
Бағалау	Болжам		

1	2	3	4	5	6
Мемлекеттік бюджет					
1.	Түсімдер				
2.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
3.	Кірістер (трансферттерді есептемегенде)				
4.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
5.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен				
6.	Салықтық түсімдер				
7.	Салықтық емес түсімдер				

8.	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдер				
9.	Трансферттердің түсімдері				
10.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт				
11.	Ұлттық қордан нысаналы трансферт				
12.	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
13.	Шығыстар				
14.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
15.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен				
16.	Тапшылық/профицит				
17.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
18.	Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит				
19.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
Республиканский бюджет					
20.	Түсімдер				
21.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
22.	Кірістер (трансферттерді ескермегенде)				
23.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
24.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен				
25.	Салықтық түсімдер				
26.	Салықтық емес түсімдер				
27.	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдер				

28.	Трансферттер түсімдері				
29.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт				
30.	Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт				
31.	бюджеттік алып қоюлар				
32.	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
33.	Шығыстар				
34.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
35.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен				
36.	Тапшылық/профицит				
37.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
38.	Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит				
39.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры					
40.	Түсімдер - Барлығы				
41.	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер				
42.	Ұлттық қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер				
43.	республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер				
44.	Пайдалану				
45.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт				

46.	Ұлттық қордан нысаналы трансферт				
47.	Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу				
48.	Ұлттық қорда қаражаттың таза жинақталуы				
49.	Ұлттық қордың есепті кезең соңындағы қаражаты – Барлығы				
50.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
51.	Ұлттық қордың валюталық активтері, жыл соңына				
52.	миллиард АҚШ доллары				
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры					
53.	Түсімдер				
54.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
55.	Шығыстар				
56.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
57.	Теңгерім				
58.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры					
59.	Түсімдер				
60.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
61.	Шығыстар				
62.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
63.	Теңгерім				
64.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
Жәбірленушілерге өтемақы қоры					

65.	Түсімдер				
66.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
67.	Шығыстар				
68.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
69.	Теңгерім				
70.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
Шоғырландырылған бюджет					
71.	Түсімдер				
72.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
73.	мұнай				
74.	мұнайға қатысты емес				
75.	Шығыстар				
76.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
77.	Шоғырландыры лған баланс				
78.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				
79.	Мұнайға қатысты емес баланс				
80.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен				

Ескертпе:

аббревиатуралардың және қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

АҚШ	—	Америка Құрама Штаттары
ЕДБ	—	екінші деңгейдегі банктер
ЖКҚ	—	жалпы қосылған құн
ЖІӨ	—	жалпы ішкі өнім
Ұлттық қор	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
НКИ	—	нақты көлем индексі Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдеріне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің
м.а. 25.08.2022 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-нысан

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы

1.1. Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қорытындылары

- 1.1 Елдің алдыңғы жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы
- 1.2 Экономиканың ағымдағы даму серпіні
- 1.3 Алдыңғы жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтықтарын талдау

2.2. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

- 2.1 Макроэкономикалық тұрақтылық
- 2.2 Экономиканың салаларын дамыту
- 2.3 Бизнес-климат және бәсекелестік
- 2.4 Инвестициялық тартымдылық
- 2.5 Цифрландыру және инновация
- 2.6 Адами капитал
- 2.7 Мемлекеттік басқару жүйесі
- 2.8 Өңірлік даму
- 2.9 Экономикалық интеграция

3.3. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

4.3.1 Дамудың сценарийлік шарттары

5.3.2 Экономиканы дамыту перспективалары

6.3.3 Экономикалық өсу факторлары

7.4. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы

4.1 Жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік параметрлердің және Ұлттық қордың болжамы

4.1.1 Мемлекеттік бюджеттің негізгі параметрлері

4.1.2 Шоғырландырылған бюджеттің негізгі параметрлері

4.1.3 Республикалық бюджет шығыстарының басымдықтары

4.1.4 Жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

4.2 Ішкі және сыртқы үкіметтік борыш болжамын қоса алғандағы мемлекет міндеттемелерінің параметрлері

4.5. Қосымша. Бес жылдық кезеңге арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің, жоспарлы кезеңге арналған бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының болжамдары

2-нысан

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы

1.1. Болжамды кезеңнің алдындағы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері

1.1 Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары

2.2. Облысты, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы дамытудың негізгі басым бағыттары

3.3. Экономикалық саясатты іске асырудың негізгі шаралары

3.1 Бюджет-салық саясаты

3.2 Инфляция деңгейін тежеу

3.3 Экономика салаларын дамыту

өнеркәсіп

ауыл шаруашылығы

туризм

құрылыс

көлік

байланыс

сауда

3.4 Бизнес-ахуал мен инвестициялық тартымдылықты жақсарту

3.5 Адами капиталдың сапасын жақсарту

4.4. Экономиканың негізгі өсу факторлары мен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы

5.5. Үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджеттің негізгі параметрлері

5.1 Үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлердің болжамы

5.2 Бюджетаралық қатыныстар

5.3 Жергілікті бюджет шығыстарының басымдықтары

5.4 Жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

5.5 Үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі басымдықтары

6.6. Бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың (аудан, облыстық маңызы бар қалалар бөлінісіндегі) негізгі көрсеткіштерінің және жоспарлы кезеңге арналған (аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер бөлінісінде) бюджет параметрлерінің (қосымша түрінде) болжамы

7.7. Жергілікті басым бюджеттік инвестициялар тізбесі (қосымша түрінде)

Әлеуметтік-экономикалық даму
болжамын әзірлеу қағидалары
мен мерзімдеріне
3-қосымша

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті ақпараттар мен көрсеткіштердің нысандары және тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-нысан

1. Бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру үшін қажетті ақпараттар тізбесі

Р/с №	Бөлімнің атауы	Жауапты орындаушы

1	2	3
1.	Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қорытындылары	ҰЭМ
1.1	Алдыңғы жылғы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы	ҰЭМ
1.2	Экономиканың ағымдағы даму серпіні	ҰЭМ
1.3	Алдыңғы жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтықтарын талдау	ҰЭМ
2.	Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	ҰЭМ, ҰБ, ИИДМ, Қаржымині, СИМ, ЭМ, АШМ, АҚДМ, ЦДИАӨМ, ІІМ, МСМ, ОАМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині, МҚІА, СИМ, ЭТРМ
2.1	Макроэкономикалық тұрақтылық	ҰЭМ, ЭМ, Қаржымині, ИИДМ, АШМ, ҰБ, ҚНРДА
	Инфляцияны тежеу жөніндегі шараларды қоса алғанда, ақша-кредит саясаты,	ҰБ, ҰЭМ, СИМ, АШМ, ЭМ
	Қаржы секторының тұрақтылығын реттеу және қамтамасыз ету саласындағы саясат	ҚНРДА, ҰБ
	Квзимемлекеттік секторды ескере отырып, мемлекет міндеттемелерін басқару саясаты	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині
	Бюджет саясатының негізгі басымдықтары	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині,
	Салық саясатының негізгі басымдықтары	ҰЭМ, Қаржымині
	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині
